

14 қазан
Сейсенбі,
2025 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

"ТАЗА ҚАЗАҚСТАН – 2025"

ҮЛГІ МЕН ҮЛЕС

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН – 2025» ҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ МАҚСАТЫНДА ЕЛІМІЗДЕГІ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЖҮЙЕЛІ ІС-ШАРАЛАР КЕҢ КӨЛЕМДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА. ОСЫ БАСТАМАЛАР АЯСЫНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӨРБИЕНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ, ЖАС ҰРПАҚТЫ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЖАНАШЫРЛЫҚПЕН ҚАРАУҒА БАУЛУ МАҚСАТЫНДА «МЕКТЕП ОРМАНШЫЛЫҒЫ» АТТЫ ОҚУШЫЛАР ТОБЫ ҚҰРЫЛДЫ.



Аталған топтың жұмысы арқылы оқушылар табиғатпен етене жақын танысып, ағаш отырғызу, аула мен орман алқаптарын тазалау, көгалдандыру, экосабақтар өткізу секілді нақты шараларға белсене қатысуда. Бұл бағыттағы жұмыстар оқушылардың экологиялық мәдениетін арттырып қана қоймай, туған табиғатты аялауға, қорғауға деген азаматтық көзқарасын қалыптастыруда. Іс-шаралар

арқылы табиғатты сүюге тәрбиелеу — "Таза Қазақстан – 2025" бағдарламасының басты міндеттерінің бірі ретінде білім беру ұйымдарында кеңінен насихатталуда. Өткен сенбі күні «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында аудан әкімі Асқар Қазыбаевтың қатысуымен аудан жастары табиғатты көгалдандыру шарасына белсене қатысты. Акция барысында орман ша-


руашылығының тәлім бағына 200 түп тал отырғызылды. Бұл бастама қоршаған ортаны қорғауға, жасыл желектер санын арттыруға және тұрғындардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Іс-шараға қатысқан аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы жастардың табиғатты аялауға деген ниетін жоғары бағалап, мұндай игі істердің туған өлкенің экологиялық жағдайын жақсартуға

зор үлес қосатынын атп өтті. — Табиғатты қорғау – әрбір азаматтың борышы. Осындай шаралар арқылы біз болашақ ұрпаққа таза, жасыл, көрікті өлке қалдыруға атсалысамыз, — деді аудан басшысы. «Таза Қазақстан» акциясы аясында ұйымдастырылған бұл тал егу шарасы аудан тұрғындарын қоршаған ортаны сақтауға шақырып қана қоймай, экологиялық жауапкершілікті арттыруға да бағытталды.

ӨНІРДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР
ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ИГЕРУДЕ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ 2025 ЖЫЛҒЫ 11 ТАМЫЗДАҒЫ ӨТКЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ДАМУЫТ МӨСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТЕ ҚАЗІР ДҮНИЕ ЖҮЗІНДЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ ҚАРҚЫНДЫ ДАМУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ СИПАТЫ МҮЛДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР БОЛЫП ЖАТҚАНДЫҒЫН АТАП ӨТТІ. ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ, ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ БАРЛЫҚ САЛАНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ РЕТІНДЕ ЕЛІМІЗДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ, ЦИФРЛЫҚ ДЕРБЕСТІГІНІҢ ТІРЕГІ БОЛУЫ ТИІС.

Президент алдағы бес жыл ішінде Қазақстан цифрлық мемлекетке айналуы керектігін алға тарта, Үкімет пен Стратегиялық жоспарлау агенттігіне жасанды интеллектті дамыту және еліміздің цифрлық трансформациясы туралы жүйелі құжат әзірлеуді, ал салалық министрліктер мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне тиісті шаралар алуды тапсырды. Бұл ретте, мемлекеттің цифрлық саясатына арқау болатын тоғыз басымдықтардың бірі – мемлекетті басқару саласын одан әрі цифрландыру. Жасанды интеллект мемлекеттік органдардың жұмыс тиімділігін арттырып, әсіресе, өтініштерді қарау және шешім қабылдау жұмысын жеңілдетуге мол септігін тигізеді. Осы орайда Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрілігі Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен бірлесіп, мемлекеттік қызмтшілерге арналған жасанды интеллект дағдылары бойынша AI-Qyzmet бағдарламасын іске қосты. Бұл бағдарлама жаңа технологияны



түсінуді ғана емес оны нақты әрекетке айналдырудың қадамы. Соңғы жылдары жасанды интеллект біздің күнделікті өмірімізге де, жұмыс саламызға да еніп үлгерді. Ол енді тек IT мамандарына ғана арналған құрал емес, түрлі салада жұмыс істейтін мамандар үшін де қол жетімді әрі пайдалы бола бастады. Мемлекеттік қызметте де бұл технология нақты нәтижесін

бере алатынын дәлелдеп жатыр. AI-Qyzmet бұл орталық Еуразияда алғаш рет іске қосылған арнайы оқыту бағдарламасы. Мұнда күрделі теория болмайды, барлығы қарапайым тілмен түсіндіріліп нақты мысалдармен көрсетіледі. Бағдарлама шынайы жұмыс жағдайларына негізделген. Арнайы оқыту курстары Мемлекеттік басқару академиясы-

ның өңірлік филиалдарында өтуде. Бүгінгі күні өңірде мемлекеттік қызметшілерді жаңа дағдыны игеруге бағытталған оқу курстары басталып кетті. Ағымдағы жылы облыстың жергілікті мемлекеттік органдарының 3 мыңға жуық мемлекеттік қызметшісін AI-Qyzmet оқыту бағдарламасы бойынша оқыту жоспарлануда. Бүгінгі күні 2912-ден астам мемлекеттік қызметші оқытылды. AI-Qyzmet оқыту бағдарламасы аясында мемлекеттік қызметшілер цифрлық сауаттылығын арттырып, деректерді талдау және әкімшілік процестерді автоматтандыру, сондай-ақ, шешім қабылдау мен өнімділікті арттыру бағытында білімін жетілдіреді. Бұл өз кезегінде мемлекеттік аппарат қызметінде жаңа технологияларды тиімді қолдану арқылы, халықпен тығыз әрі тиімді байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Айбек ШІЛМАНОВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің
Ақтөбе облысы бойынша департамент басшысы,
Өдеп жөніндегі кеңес төрағасы.

САУЛАУ-2025

2025 ЖЫЛҒЫ 26 ҚАЗАНҒА ТАҒАЙЫНДАЛҒАН АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЫҒЫП ҚАЛҒАН ДЕПУТАТЫНЫҢ ОРНЫНА №9 БІРМАНДАТТЫҚ САЙЛАУ ОКРҮГІ БОЙЫНША САЙЛАУ ӨТКІЗУ КЕЗІНДЕ ДАУЫС БЕРУ УАҚЫТТЫ МЕН ОРНЫ ТУРАЛЫ ХАБАР

№9 сайлау округінің учаскелік сайлау комиссиялары Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 18-бабының 5 тармақшасына, 38-бабының 2 тармағына сәйкес 2025 жылғы 26 қазанға тағайындалған Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының шығып қалған депутатын орнына №9 бірмандаттық сайлау округі бойынша сайлауына қатысуға құқығы бар азаматтарының дауыс беруі таңертеңгі сағат 07:00-де басталып кешкі 20:00-ге дейін төмендегі мекен-жайларда орналасқан сайлау учаскелерінде өтетінін хабарлайды:

р/с №	Сайлау округінің нөмері	Округтік сайлау комиссиясының нөмері, орналасқан орны және байланыс телефондары	Сайлау учаскесінің нөмері	Сайлау учаскесінің орналасқан орны және байланыс телефондары
1	№ 9	№ 9, Қараой ауылы, Жасқайрат көшесі, 26, «Қараой мектеп-балабақшасы» КММ ғимараты, телефон: 8 (8-71332) 35-2-15	№ 405	Қаракөл ауылы, Абай көшесі 10, «Қаракөл бастауыш мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-7-16
2			№406	Қараой ауылы, Еңбеккерлер көшесі 2, Қараой ауылдық клубы ғимараты телефон: 8 (71332) 73-7-20
3			№407	Құбасай ауылы, Қызылқорған көшесі 7, «Құбасай бастауыш мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-7-37
4			№409	Шикұдық ауылы, Қ.Рысқұлбеков көшесі 18, Шикұдық ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-1-43

КӨРШІ АУДАНДАҒЫ КЕЗДЕСУ
КӨП ІСКЕ КУӘ ҚЫЛДЫ

Ойыл аудандық мәслихат төрағасы С.Займолдин, мәслихат депутаты Ж.Ізғарина, аудандық қоғамдық кеңес төрағасы М.Арыстанов және мәслихат аппаратының бөлім басшысы А.Мусин көршілес Атырау облысының Қызылқоға ауданына әріптестерімен тәжірибе алмасу және аудан көлеміндегі атқарылып жатқан жұмыстармен танысу мақсатында іссапармен барды. Алдымен ойылдық әріптестерді Қызылқоға аудандық мәслихатының төрағасы Толқын Ермекқызы қабылдап, мәслихат аппаратының жұмысымен таныстырып, тәжірибелерімен бөлісті. Бұдан әрі қонақтар аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Дүйсәлі Өтеуғалимен кездесіп, кеңес жұмысы туралы пікірлесті. Меймандарды аудан әкімі Қ.Өзмұханов қабылдап, аудан көлеміндегі атқарылған ауқымды істер мен тың бастамалармен бөлісіп, қызметтеріне сәттілік тіледі. Әрі қарай, мәслихат аппаратың күн тәртібіндегі жұмыс жоспарына сәйкес «AMANAT» партиясының кіші мәжіліс залында аудандық мәслихат депутаттарының қатысуымен «AMANAT» партиясының Қызылқоға ауданы бойынша

2023-2027 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламаларының орындалу барысы таныстырылды. Содан соң, аудан орталығы Миялы ауылдық округіндегі жаңадан ашылған және салынып жатқан ғимараттар мен нысандар таныстырылды. Атап айтқанда, Қызылқоға ауданында тұңғыш салынған 3 қатарлы 60 пәтерлік тұрғын үй, кезектілікпен берілетін тұрғын үйлер құрылысы, ойын алаңдары, құрылыс жұмыстары жүріп жатқан орталық саябақ, №10 өрт сөндіру бөлімі, мүмкіндігі шектеулі балалардың күндізгі болу бөлімі, «Нұр-Шуақ» бөбекжай бәсалар бақшасы, «Қамқорлық» оңалту орталығы, Аққұл Сарбөпе атындағы саябақ, Жастар саябағы, жаңадан бой көтерген Сабытаевтардың «Bolashak hall» мейрамханасы жұмыстарымен танысты. Сонымен қатар, Миялы-Индер-Миялы бағытындағы жаңадан салынған көпірмен танысып, іссапар Ойыл ауылдық округінде жалғасты. Пайдалануға берілген «Жасқайрат» спорт көшені жұмыстарымен танысқан әріптестер сапарларын «Құрман» шаруа қожалығының сүт өнімдерін өңдеу цехымен аяқтады.

«БІРЛІГІ ЖАРАСҚАН ЖАМАҒАТ»

ОЙЫЛ АУДАНЫНДА ҚОҒАМДАҒЫ РУХАНИ КЕЛІСІМ МЕН БІРЛІКТІ НЫҒАЙТУ МАҚСАТЫНДА «БІРЛІГІ ЖАРАСҚАН ЖАМАҒАТ» АТТЫ АШЫҚ ДИАЛОГ ФОРМАТЫНДАҒЫ КЕЗДЕСУ ӨТТІ.



Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің қолдауымен, сондай-ақ «ПАРА-САТ» ақпараттық-кеңес беру және оңалту орталығының ұйымдастыруымен өткізілген шараға жастар, дін саласының өкілдері, мешіт жамағаты және қоғамдық ұйымдардың мүшелері қатысты. Диалог барысында «ПАРА-САТ» ақпараттық-кеңес беру және оңалту орталығының теолог маманы Марат Молдағалиев жиналған қауымға дәстүрлі исламның құндылықтары, жат діни ағымдардың белгілері мен олардың

қоғамға тигізетін кері әсері туралы кеңінен баяндады. Ол сондай-ақ рухани тұтастықты сақтау, дін мен дәстүрдің сабақтастығын дәріптеу мәселелеріне тоқталып, ұлттық құндылықтар мен бірлік идеясын насихаттады. Шара ашық пікір алмасу түрінде өтіп, қатысушылар көкейлеріндегі сұрақтарын қойып, маманнан нақты әрі мазмұнды жауаптар алды. Кездесу барысында жастар өз ой-пікірлерін ортаға салып, діни сауаттылықты арттырудың маңыздылығын атап өтті. Іс-шараның негізгі мақсаты – жастар арасында жат діни

ағымдарға қарсы иммунитет қалыптастыру, экстремизм мен терроризмнің алдын алу, сонымен қатар ұлттық және рухани құндылықтарды дәріптеу, қоғамдық келісім мен тұрақтылықты сақтау болды. Шара соңында қатысушылар осындай мазмұнды кездесулердің жиі ұйымдастырылып тұруы жастардың діни білімін арттыруға және ел бірлігін нығайтуға сеп болатынын атап өтті.

М. МҰРАТҰЛЫ,
«Парасат» ақпараттық-кеңес беру және оңалту орталығының басшысы.

АВТОРИЗАЦИЯЛАУ ТӘРТІБІ ЖАҢАРТЫЛДЫ

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУШЫЛАРДЫ ҚОРҒАУ МАҚСАТЫНДА ОСЫ ЖЫЛДЫҢ ҚАЗАН АЙЫНАН БАСТАП EGOV.KZ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТ ПОРТАЛЫ МЕН ОНЫҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІНДЕ (ЕОТІНІШ СЕРВИСІ, «АШЫҚ ҮКІМЕТ» ПОРТАЛЫ) АВТОРИЗАЦИЯЛАУ ТӘРТІБІ ЖАҢАРТЫЛДЫ.



Енді электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) арқылы бірінші кезеңде жүйеге кіргеннен кейін пайдаланушы өзінің жеке басын 1414 нөмірінен келетін SMS-код арқылы қосымша растауы қажет. Жаңа авторизация жүйесі ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыруға және мемлекеттік онлайн-қызметтерді пайдалану кезінде пайдаланушы деректерін қорғауға бағытталған. Екінші кезең авторизациясы ЭЦҚ кілтін жоғалту немесе үшінші тұлғалардың пайдаланушы кілтін пайдаланып eGov.kz порталында заңсыз қол жеткізу әрекеттерінен азаматтарды қорғайды. Мұны іске асыру үшін пайдаланушының жеке басын порталда тіркелген мобильді телефон нөмірі арқылы растау қажет. 1414 нөмірінен SMS келмесе не істеу керек? SMS-кодтарды дұрыс алу үшін пайдаланушының телефоны eGov.kz порталындағы есептік жазбаға тіркелгенін тексеру қажет. Егер нөмір тіркелмесе, хабарламалар келмейді. Мобильді телефон нөмірін порталдағы есептік жазбаға тіркеу бойынша нұсқаулықты осы жерде қарауға болады. SMS-кодсыз авторизацияның баламалы тәсілі бар ма? Пайдаланушы eGov Mobile мобильді қосымшасы арқылы

да авторизациялана алады. Ол үшін порталдағы авторизация бетінде көрсетілген арнайы QR-кодты мобильді қосымша арқылы сканерлеу қажет. **ПАЙДАЛАНУШЫ ШЕТЕЛДЕ БОЛСА НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?** Қазақстан Республикасының шегінен тыс жүрген жағдайда 1414 нөмірінен SMS хабарламалар тек халықаралық роуминг қосылғанда ғана келеді. Сондықтан шетелде портал қызметтерін пайдалану алдында роуминг қызметінің қосылғанын тексеру маңызды. Маңызды! Электрондық цифрлық қолтаңба кілттерін үшінші тұлғаларға беру қауіпсіздік талаптарына сәйкес тыйым салынған, себебі ЭЦҚ – жеке сәйкестендіру құралы және жеке қолтаңбамен теңестіріледі. ЭЦҚ-ны басқа тұлғаларға бергені үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. ЭЦҚ-мен жұмыс кезінде құқықбұзушылықтың алдын алу үшін заңды тұлғаның құжаттарын тек басшы немесе ұйымның ресми өкілетті тұлғалары ғана қол қоя алады. Әркім өз атына берілген ЭЦҚ-ны пайдаланады, ал сенімхат тек осы тұлғаның құжатқа қол қиюға құқығы бар екенін растайды. Егер құжаттарды қол қию жүйесі қосымша өкілеттіліктерді талап етсе, жүйе иесінен іс-әрекет тәртібін

нақтылау қажет. Жеке тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер өз атынан құжатқа қол қою үшін басқа тұлғаны ресми өкілеттікпен тағайындай алады. Бұл жағдайда әркім өз атына берілген ЭЦҚ-ны пайдаланады. Бұзушылық анықталған жағдайда жеке және заңды тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Тәртіп бұзушының санатына қарай келесі мөлшерде айыппұлдар қарастырылған: *жеке тұлғаларға – 50 АЕК (196 600 теңге); *лауазымды тұлғаларға, шағын бизнес субъектілеріне және коммерциялық емес ұйымдарға – 100 АЕК (393 200 теңге); *орта бизнес субъектілеріне – 150 АЕК (589 800 теңге); *ірі бизнес субъектілеріне – 200 АЕК (786 400 теңге). Авторизациялау тәртібіндегі өзгеріс «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы бірыңғай талаптарды бекіту туралы» құжаттың 47-тармағына сәйкес енгізілді, онда көпфакторлы аутентификацияны міндетті түрде қолдану қарастырылған. Жаңартылған авторизациялау тәртібі жеке және заңды тұлғаларға бірдей қолданылады. **Жайна СЕЙДАХМЕТ,**
«ҰАТ» АҚ Корпоративтік коммуникациялар департаменті.

ЗАЙЫРЛЫ ҒА – ҚАЙЫРЛЫ ҚОҒАМ!

ЖАРАТҚАН АЛЛА ТАҒАЛАҒА САНСЫЗ МАДАҚ, АРДАҚТЫ ПАЙҒАМБАРЫМЫЗ МҰХАММЕД МҰСТАФАҒА КӨПТЕГЕН САЛАУАТ ПЕН СӨЛЕМ ЖОЛДАЙМЫЗ. АДАМЗАТ ҚАЙ ЕЛДЕ БОЛМАСЫН ҚАУІПСІЗ ӨРІ ТЫНЫШ ӨМІР СҮРЕ АЛУЫ ҮШІН ӨЗІН ҚОРШАҒАН ОРТАМЕН МӘМІЛЕСІН ЖӨНДЕП АЛУЫ ҚАЖЕТ. ОНСЫЗ ЕШҚАНДАЙ ИГІЛІКТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ДЕ МҮМКІН ЕМЕС. СЕБЕБІ, АДАМ БАЛАСЫ ЖАРАТЫЛЫСЫНАН ҚОҒАМНЫҢ ІШІНДЕ БІТЕ ҚАЙНАСЫП ӨМІР СҮРУГЕ БЕЙІМДЕЛЕ ЖАРАТЫЛҒАН. ОНЫҢ ӨЗ БЕТІНШЕ ЖЕКЕ-ДАРА ӨМІР СҮРЕ АЛУЫ ӨСТЕ МҮМКІН ЕМЕС.

Алла Тағала адам баласын жердің бетіндегі ұлы мақсат үшін жаратқан. Бұл мұратты бүкіл адамзатқа тура жол нұсқауы етіп түсірген Құранында баяндайды: «(Ұа, Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Раббың бүкіл періштелерге: «Расында, Мен Жерде орынбасар жасаймын!», – деген кезде олар: «Онда бұзақылық істейтін және қан төгетін біреуді жасамақсың ба? Біз Сені дәріптеп пәктейміз әрі Сені қастерлейміз», – деді. Ол: «Шындығында, Мен сендер білмейтінді білемін», – деді. Бұл аяттан алынатын тәлім – Алланың Адамды жерде орынбасарлық міндетке арнап жаратуы және періштелердің сөзінен бұл мәртебенің ұлылығы айқындалады. Орынбасарлық міндеттің әуелгі талабы – адамның Алла Тағаланы лайықты деңгейде танып білуі және Оған тиісінше құлшылық етуі. Алланың білімі мен құдіретіне шек келтірмей бас ию – ең басты міндет.

Барша адам баласы жер бетіндегі әрбір сәтінде негізгі үш байланыстан ешқашан ажырамайды әрі сол үшін мойнына жауапкершілікті әу баста арқалап алған. Сөзімізді Алла Елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисімен бекемдесек: «Қайда болсаң да, Алладан қорық! Һәм жаман ісіңнің соңынан жақсылық жаса, ол оны өшіреді. Адамдарға жақсы мінез көрсет!» – деген. Әлемдердің Раббысы осы үш принципті адамдарға ортақ заңдылық етіп бекіткен. Біріншіден, «Қайда болсаң да Алладан қорық!» – бұл Алла хақысының атқарылуы арқылы адам мен Алласы арасындағы иман мен бойсұнуды нығайтатын, сондай-ақ оның дүниенің қасіреті мен ақиреттің азабынан құтылуына нақты кепілдік береді. Екіншіден, «Тағы жамандықтың ізінше оны өшіретін жақсылық жаса!» – бұл рухани тәрбие арқылы адам мен өз жанының арасындағы рухани тазалық пен әділеттілікті нығайтатын, өзіне әділетсіздік жасау қатерінен сақтайды. Үшіншіден, «Тағы адамдарға жақсы мінез көрсет!» – бұл адамдарға тек жақсы мінез көрсетуі арқылы адам мен қоғам арасындағы құқықтар мен бостандықтарына кепілдік беретін, сондай-ақ теңдік, бірлік пен бауырмалдық, бейбітшілікті нығайтады. Міне, шарияттың осы талаптарын терең түсінген әрбір мұсылман жүректері тыныштықта өмір сүрері сөзсіз. Сонымен қатар, қоғам тыныштығын қамтамасыз ету де үлкен мақсат болып табылады. Аталған мақсатты жүзеге асыру үшін тарихтың таңынан елді басқарудың әртүрлі жүйелері қалыптасты. Сол формалардың бірі – зайырлық. Әрине, «зайырлық» ұғымы атеизм дегенді білдірмейді. Ислам – күнделікті өмір салтымен санасатын дін. Ол – дін мен дүние, Алла мен әлем, адам мен ақыретті өз алдына жүйелеп танытатын, қабылдайтын дін. Сондықтан зайырлықтық ұғымы мемлекеттік институтқа оның құндылықтық тұрғыларына ғана қатысты емес. Біздің еліміздегі зайырлықтың өзегі – адам құқығын қорғау, оның кәсібіне, міндетіне, қызметіне, тегі мен дініне қарай ерекшелемеуге бағытталған. Адамдар тең құқылы болғанымен әрбір азаматтың өзіндік статусы, жауапкершілігі мен міндеттерін жоққа шығаруға да болмайды. Бұл мәселелерде қос дүние сәруарының өмірі бізге жол көрсетеді. Ислам діні мұндай қоғамдағы мәмілелер қалай жүргізілу керектігін он төрт ғасыр бұрын көрсетіп берді. Әлемге жер бетіндегі құқықтық мемлекеттің озық үлгісін ұсынды. Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қасиетті Мекке қаласынан, нұрланған Медина қаласына хижрет еткен кезінде шаһар тұрғындарының ішінде мұсылман да, мұсылман емес те бар еді. Билік өз қолына өткен кезде де олардың ешбіріне жәбір көрсетпей, керісінше бір отаудың ішінде татулықта өмір сүрудің қағидаларын үйретті. Ислам дінінің негіздеріне үңілер болсақ ол тек адамның рухани жақ құлшылық-ғибадатпен ғана қамтып қоймай сонымен қатар ол адамның материалдық жағын да қамтиды. Алла Тағала Құран Кәрімде: «Міне, бүгін діндеріңді кемеліне жеткіздім, сендерге деген нығметімді тамамдадым және сендер үшін дін ретінде Исламды таңдадым», – дейді. Ислам дініндегі кемелдік дегеніміз – Дін аясында адам өмірінің әр тұсы, кез-келген жағдайтарына жауап бере алуы.

Ол иман, амал, сенім, шариғат, құлшылық, қарым-қатынас, ілім, көркем мінез. Ислам діні аясында экономика негіздері, ұшқыр саясаттың кемел көрінісі, өмірдің әр саласындағы, қоғамның әртүрлі қабаттарына бағытталған сауықтан-дыру бағдары қамтылған. Бұл мінсіз жүйе адамның бұл дүниеде бақытты болуына жетелеуімен қатар ақыретте де мәртебесінің жоғары болуына жол сілтейді. Ислам барлық ұлттарды, ұлыстарды теңестіреді. Ислам діні аясында ақтың қарадан, арабтың араб еместен, азат адамның құлдан еш айырмашылығы жоқ. Алла Тағала қасиетті Құран Кәрімде: «(Ұа, Мұхаммед! Күллі адамзатқа): Ұа, адамзат! Шүбәсіз, мен Алланың баршаңа ортақ елшісімін! Ол күллі аспан әлемі мен жердің иелігі, бар билігі өзіне тиесілі болған Алла. Одан басқа тәңір жоқ. Жан бітіріп өмір сыйлайтын да, өмірді қиятын да бір Алла. Ендеше, сендер де Аллаға және оның барлық сөздеріне (яғни барлық кітаптары мен үкімдеріне) кәміл иман еткен «үммі» пайғамбары әрі хак елшісіне иман келтіріп, соңынан еріңдер. Сонда тура жолға түсесіңдер», деп жар салғын», – деп, ислам дінінің барша адамзатқа жіберілген дін екенін ескертеді. Ислам мұсылман қоғамындағы негізгі бес мүддені қорғауды көздейді. Олар: дінді қорғау, адамның жанын қорғау, ар-намысын қорғау, ақылын қорғау, мал-мүлкін қорғау. Бұл сайып келгенде зайырлы мемлекеттің де мүддесі болып табылады. Аталмыш мақсаттардың барлығы тек қана мемлекет қамқорлығымен іске асатыны белгілі. Сондықтан, біздің дінімізде мемлекеттілік ұғымы ең қасиетті құндылықтардан болып табылады. Көп конфессиялы елімізде тек қана мұсылмандардың ғана емес, басқа дін өкілдерінің құқықтары мен бостандықтары толығымен қорғалууда. Сөзсіз ислам адамзатқа жіберілген соңғы кәміл дін. Бұл діннің рақымдылығының, әділдігінің аясында барлық

жаратылыс орнын тапқан. Қоғамның тыныштығы мен мемлекеттің тұрақтылығы – елдің басты байлығы. Тарихтан белгілі, кез келген өркениеттің құлдырауы алауыздық пен әділетсіздіктен басталған. Ал бірліктің берік болуы – ортақ құндылықтарға адалдықтан, әр азаматтың құқықтарын құрметтеуден өрбиді. Осындай игі қағидаттарға негізделген зайырлы мемлекет қана шынайы қайырлы қоғам құра алады. Зайырлық – мемлекеттің діннен бөлектігі немесе дінді шеттету деген ұғым емес. Керісінше, зайырлық – әрбір азаматтың ар-ождан еркіндігіне кепілдік беретін құқықтық жүйе. Зайырлы мемлекетте ешкім бір дінді ұстануға не бас тартуға мәжбүрленбейді. Барлық азаматтар заң алдында тең, барлығының құқығы мен бостандығы сақталады. Бұл – қоғамдағы әділдік пен татулықтың басты тірегі. Қайырлы қоғам – әділдік үстемдік құрған, ынтымақ пен сыйластық салтанат құрған орта. Мұндай қоғамда: Әркімнің діні мен ділі құрметтеледі; Азаматтардың құқығы мен бостандығы қорғалады; Білім мен ғылымға жол ашылады; Төзімділік пен өзара түсіністік нығаяды; Жастарға тәрбие мен тағылым дұрыс бағытта беріледі. Діннің адамгершілікке, мейірімге, ізгілікке үндейтін құндылықтары бар. Ал зайырлы қоғамда осы құндылықтар қоғам игілігіне жаратылады. Яғни, мемлекет діни құндылықтарды қолдай отырып, оны жікшілдіктен қорғайды. Қазақстан – көпұлтты, көп конфессиялы мемлекет. Мұндай жағдайда бейбітшілік пен келісімді сақтау оңай шаруа емес. Дегенмен, елдің Ата Заңы азаматтардың сенім бостандығын айқындап, әркімге өз дінін ұстануға еркіндік береді. Бұл – зайырлықты қағидатының айқын көрінісі. Қазақстандағы түрлі дін мен ұлт өкілдерінің бейбіт өмір сүріп жатқаны – зайырлықтың жемісі мен қайырлы қоғамға бастайтын сара жол. Зайырлы елдің артықшылықтары Бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтайды. Дін араздығы мен жікшілдіктің алдын алады. Құқық пен әділеттілікті орнатады. Барлық азамат тең құқыққа ие болады. Білім мен ғылымға жол ашады. Зайырлы қоғамда ғылым дамымайынша ел ілгері баспайды. Рухани құндылықтарды дәріптейді. Діннің тәрбиелік, ізгілік рухани қырын алға шығарады. Әлеуметтік келісімді нығайтады. Әртүрлі көзқарас пен сенімдегі адамдардың бейбіт өмір сүруіне жағдай жасайды. Қорыта айтқанда зайырлы ел – азаматтардың құқықтары қорғалған, ой-пікір еркіндігі сақталған, діні мен тілі құрметтелген мемлекет. Мұндай елде ғана қоғамның іргесі берік, бірлігі мығым болады. «Зайырлы ел – қайырлы қоғам!» деген ұран – халқымыздың бейбітшілікке, татулыққа, ізгілікке деген ұмтылысының айқын көрінісі. Сондықтан біз әрқашан заңға құрметпен қарап, рухани құндылықтарымызды бағалап, ортақ отанымыздың игілігі үшін еңбек етуіміз керек. Тек сонда ғана еліміз – зайырлы, қоғамымыз – қайырлы, болашағымыз баянды болмақ.

Бақхарық қажы ҚЫЗЫРҰЛЫ,
Ойыл аудандық мешітінің бас имамы.

ДЕНСАУЛЫҚ БЕТІ

ТЕРІНІҢ ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАРЫ

ДЕРМАТОМИКОЗДАР – ҰСАҚ САҢЫРАУҚҒАҚТАР ТАРАТАТЫН ТЕРІНІҢ ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАРЫНЫҢ БІР ТОБЫ. БҰЛ ТОПҚА ЭПИДЕРМОФИТИЯ, ТРИХОФИТИЯ, МИКРОСПОРИЯ, ТҮРЛІ – ТҮСТІ ЛИШАЙ ТАҒЫ БАСҚА АУРУЛАР ЖАТАДЫ.

Эпидермофития – шап тұсында, қолда, аяқта, саусақ және бөшпай аралықтарында, алақанда, табанда ұсақ бөртпелер, сулы көпіршіктер немесе құрғақ қабыршақтар түрінде кездеседі. Жарақаттанған жер аздап қышып, кейде тері қабаттары сыдырылып, лас, шаң түскен кезде жақын жерде орналасқан без түйіндері ұлғайып, жарақат іріңдеп, асқынуы мүмкін. Бөртпелер бөшпай арасына, табанға шыққан кезде айналасындағы тері қызырып, ісіп, аяқ киім киюға қиыншылықтар келтіреді. Ауру көбіне – көп монша, бассейн сияқты көпшілік орындардан, немесе науқас адамның аяқ киімін кигенде, жеке гигиеналық заттарын пайдаланғанда жұғады. Аурудың туындауына тершендік, бөшпай араларының тарлығы, аяққа өлшемі сәйкес емес аяқ киім кию де әсер етеді. Трихофития (таз) – көбіне көп оқушылар арасында кездесетін ауру. Ауру таратушылар уақытында емделмеген, аурудың созылмалы түрімен ауыратын үлкендер болып табылады және ірі мүйізді қара, ит, мысық сияқты үй жануарларынан да жұғады. Ауру тарақ, орамал, бөріктағы сол сияқты киімдер арқылы, шаштараз құрал – саймандары арқылы (ауру адамның шашын алғаннан кейін залалсыздандырылмаған құралды пайдаланған жағдайда), малды күтуші адамдар арқылы да жұғуы мүмкін. Соңғы кездері спорт секцияларының көбеюіне байланысты, күрес, дзюдо сияқты төсеніш үстінде белдесетін спорт түрімен шұғылданатын балалар арасында жиі кездесіп жүр. Ауру бастың шашты бөлігін, кейде жұмсақ теріні де зақымдайды. Баста, дененің кез келген жерінде дөңгелек пішінді, беті ақшыл қабықтамен жабылған ошақтар пайда болады, шаштар түбінен қырқылған тәрізді түсе бастайды. Тырнақтар зақымданған кезде түсі күңгірттеніп, қалыңдап, пішіні өзгеріп кетеді. Микроспория (теміреткі) – балаларды жиі зақымдайтын аурулардың бірі. Себебі балалар итпен, мысықпен ойнағанды жақсы көреді. Ауру ит пен мысық арқылы, ірі қара малдан немесе ауру адамнан тарақ, бөрік, орамал және басқа киімдер арқылы жұғады. Бұл ауру да бастың шашты бөлігін және жұмсақ теріні зақымдайды. Баста, дененің кез келген жерінде беті асбест сияқты ұсақ қайызғақтармен жабылған, айналасы сәл көтерілген терімен көмкерілген ірілі – ұсақты дөңгелекше ошақтар пайда болады, үлкейіп, көбейе бастайды, шаш қырқылып түсе бастайды. Дәрігерге уақытында қаралмайтын адамдар өз бетінше емделмек болады. Бірақ ауру жұқтырушы саңырауқұлақтар шаштың түбінде (тері астында) орналасқандықтан көрер көзге жазылған сияқты болып көрінетін ошақтар жаңа шыққан шашпен бірге қайтадан пайда болады. Сондықтан аурудың алғашқы белгілері білінісімен дәрігерге қаралып, тағайындалған емді уақытында қабылдауға кеңес береміз. Аурудың алдын алудың бір-ақ жолы – тазалық шараларын сақтау. Моншаға су өткізбейтін резеңке аяқ киім ала бару, өзгенің ысқышымен жуынбау, сүлгісімен сұртінбеу, өзгенің аяқ киімін, бас киімін кимеу тағы сол сияқты жеке бас гигиенасының қарапайым талаптарын орындау сіздің жұқпалы тері ауруларынан сақтануыңыздың бірден-бір кепілі.

Ө. ЫБРАШЕВА, Дәрігер-дерматовенеролог.

КӨКЖӨТЕЛ – КӨП АУРУДЫҢ БАСТАУЫ

Көкжөтел – бұл көбінесе балаларда байқалатын және белгілі бір клиникалық көрінісі мен белгілері бар инфекциялық ауру. Көкжөтелдің ерекшелігі – тыныс алу функциясының бұзылуы және аурудың дамуы кезінде тыныс алу жолдарының шырышты қабаттарының зақымдануы. Жиі асқынулар екі жасқа дейінгі балалар мен қарт адамдарға анағұрлым тән.

Алайда, кез келген жаста ауру әл-ауқатты едәуір нашарлатуы мүмкін, сондықтан көкжөтел белгілері мен инфекцияны жұқтырудың алдын алу әдістерін білу маңы-

зды. Көкжөтелдің белгілері жоғары тыныс жолдарының бактериялық инфекциясына ұқсас: - дене қызуының +38°С-қа дейін көтерілуі, қалтырау; - әлсіздік, бұлшықеттердің «сырқырауы», бас ауруы; - мұрын жолдарынан ағу, мұрынның бітелуі, құрғақ жөтел, шырышты қабықтың ісінуі. Қоздырғыштың берілуі инфекция жұқтырған адаммен тығыз байланыста болған кезде ауа-тамшылы жолмен жұғады. Ауру адам аурудың айқын сатысы басталғаннан кейін 30 күн ішінде алғашқы па-

тологиялық көріністерден инфекцияны тарата алады. Жөтелдің қарқындылығы сияқты белгі биологиялық сұйықтықтағы (сілекей, шырышты қақырық) қоздырғыштың таралу дәрежесімен байланысты. Көкжөтелге қарсы негізгі алдын алу шарасы вакциналау. Қазақстан Республикасының Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес балаларға екпе егу бір мезгілде тиісінше 5-6 аурудан: дифтериядан, сіреспеден, көкжөтелден, полиомиелиттен, В типті гемофильді инфекциядан және В гепатитінен қорғайтын құрамында

АБКДС бар бес және алты компонентті құрама вакциналарды қолдана отырып жүргізіледі. Көкжөтелден барынша қорғау үшін балаларға 5 екпе алу қажет, оның ішінде 2 айдан бастап 1 ай аралығымен 3 екпе, содан кейін бірінші ревакцинация бір жарым жаста, екінші ревакцинация 6 жаста жүргізіледі. Балаңызды иммундауды кешіктірмеңіз! Оның денсаулығы – сіздің қолыңызда!

Ғ. ҚҰБАЕВ, Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

ҚЫЗЫЛША ЖӘНЕ ҚЫЗАМЫҚ БАЛА МЕН АНАҒА ҚАУІПТІ!

Қызылша – ауа-тамшылы инфекциялар тобына жататын жедел жұқпалы вирустық ауру. Жұқпа адамнан адамға ауа арқылы жөтелу, түшкіру кезінде беріледі. Ауру адамнан адамға ауа арқылы, тыныс алу жолдарының тамшыларымен немесе жұқтырған адамдардың мұрының немесе тамағының бөлінісімен тікелей байланыста болады. Қызылша – адамдар үшін аса контагиозды жұқпалардың бірі, өйткені инфекция кезімен жақын қарым-қатынаста болғаннан кейін қызылшаға қарсы вакцинацияланбаған адамдардың 90%-дан астамы ауырады. Қызылшаның негізгі белгілері: дене қызуының жоғарылауы, мұрыннан су ағу, әлсіздік, жөтел, ауыз қуысының шырышты қабатындағы ақ дақтар, қызыл түсті ірі біріктірілген дақтар түріндегі бөртпелер, сонымен қатар жақ асты лимфа түйіндерінің ұлғаюы. Қызылша, қызамық жұқпасына 14 жасқа дейінгі балалар ауруды қабылдағыш болып келеді, бырақ қазіргі уақытта сырқаттанушылық ересектер арасында да тіркелуде. Ауыраннан кейін адамда инфекциядан кейінгі иммунитет қалыптасады. Сонымен қатар, қызылша жүкті әйелдер үшін, әсіресе жүктіліктің бірінші триместрінде



өте қауіпті болып табылады, себебі өздігінен түсік түсуіне әкеліп соғуы мүмкін. Шамамен қызылшамен ауыргандардың 30%-да бірқатар асқынулар болады. Жиі кездесетін асқынуларға отит, пневмония, іш өті, соқырлық және энцефалит жатады. Қызамық - адамға ғана әсер ететін антропонозды жіті респираторлық вирустық ауру. Инфекция көзі – қызамықтың клиникалық белгілері айқын немесе жасырын түрі бар науқас адам. Инфекция ауа тамшыларымен (науқаспен сөйлескен кезде, түшкіру, жөтелу, айқайлау, өткір дем шығару, сүйісу кезінде) және вертикалды (анадан ұрыққа) беріледі. Қызамықпен ауыратын науқас бөртпе пайда болғанға

дейін 7 күн және кейін 7 күн басқаларға өте жұқпалы. Қызамық жүкті әйелдер үшін қауіпті. Жүкті әйел қызамық жұқтырған кезде, вирус анандан ұрыққа плацента арқылы беріледі, бұл ұрықта көптеген туа біткен ақаулардың дамуына және жүкті әйелде түсік түсіру, өлі туылу сияқты асқынуларға әкеледі. Балада ақыл-ой дамуының кешеуілдеуімен болып туылады. Қызамық қалай көрінеді? Қызамық ЖРВИ-ге тән болмашы симптомдармен өтеді, ал 30-50%-да клиникалық көріністері көрінбейді. Бөртпе алдымен бет терісінде пайда болады, содан соң бүкіл

денені дәйекті түрде қамтиды. Бөртпе қызылша сияқты жарқын емес және біріктірілмейді. Кейде бөртпе элементтерінің аймағында аздап қышу байқалады. Әдетте, желке лимфа түйіндерінің ісінуі тән. Естеріңізге сала кетейік, қызылша мен қызамықтың алдын алудың ең тиімді шарасы 1 жасында вакцинация және 6 жасында ревакцинация жүргізу болып табылады. Вакцинация және ревакцинация Ұлттық екпе күнтізбесіне сәйкес балалардың декреттелген жастары арасында жүргізіледі, бұл вакцинациядан кейінгі иммунитетті дамытуға мүмкіндік беріп, вакцинацияланған адамдарда өмір бойғы иммунитет пайда болады. Қызылша мен қызамыққа қарсы вакцинаның әр дозасы баланың иммунитетін күшейтеді. Екпелерді жүргізу үшін ДДҰ сертификаттаған және Қазақстан Республикасында тіркелген қызылшаға, қызамыққа, эпидемиялық паротитке қарсы аралас вакцина қолданылады. Вакцинация тұрғылықты жері бойынша қалалық емханалардың барлық егу кабинеттерінде тегін жүргізіледі. Есіңізде болсын, ауруды емдеуден гөрі алдын алу оңай!

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

БЕЗГЕК АУРУЫ – ИНФЕКЦИЯЛЫҚ ҚАН АУРУЫ

БЕЗГЕК - АДАМНЫҢ ҚАНЫНАН БЕЗГЕК ПАРАЗИТТЕРІН СОРЫП АЛАТЫН ШЫБЫН-ШІРКЕЙЛЕР, МАСА-СОНАЛАР АРҚЫЛЫ ТАРАЙДЫ ЖӘНЕ ОЛАР БАСҚА АДАМДЫ ШАҒЫП, ОНЫҢ ҚАНЫНА БЕЗГЕК ИНФЕКЦИЯСЫН ТҮСІРЕДІ.

Бірнеше мәрте қайталанатын ауру түрі – трансмиссивті механизммен берілетін, адам организмінде эритроциттерді зақымдап, клиникасында ұстама тәрізді қызбамен, гепатоспленоомегалиямен, анемиямен өтетін – антропонозды инфекция. Таратушы Anopheles тобына жататын масалар. Жалпы, ауыратын адамның организмінде ұстамалы қызба, гипохромды анемия, талақ пен бауырдың есуі көрініс табады. **Безгек ұстамасы әдетте 3 саатында тұрады:** Безгек қалтыраудан басталады және бас жиі ауырады. Науқас 15 минуттан 1 саатқа дейін қалтырайды. Қалтырау ыстықтың көтерілуіне жалғасып, ол 40°-қа дейін және одан да жоғары көтеріледі. Адам әлсірейді, терісі қызара-



ды, сандырақтайды. Ыстық бірнеше сағат немесе күн бойы сақталады. Ақырында адам малшына терлейді және ыстық түседі. Ұстамадан кейін адам әлсірейді, бірақ өзін біршама сергек сезіне бастайды. Әдетте, адамда безгекпен ауырған кезінде әр 2-3 күн сайын қызу болады (безгектің түріне қарай), ал ұстама басталатын кезінде қызу

күн сайын қайталанатын. Ыстықтың түсуі мен көтерілуі оқтын-оқтын өзгеріп тұрады. Сондықтан себепсіз ыстығы көтерілген әрбір адам қанын безгекке тексерту керек. Ал, созылмалы безгек көбіне талақтың үлкеюі мен қанның азаюына себепші болады. Жас балаларда беттің бозаруы мен қанның азаюы бір-екі күннен кейін басталады. Бұл жағдай безгек миды

зақымдаған кезде орын алып, (церебральды безгек), қызба ұстамасы естен тану ұстамасына жалғасады. Науқастың қолы көгіс тартады, демалысы жиілеп, тереңдейді. **(Ескерту:** Емшек сүтін ембеген балалар безгекпен тым жиі ауырады). **АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ:** Өзіңізді шыбын-шіркей, масадан аулақ ұстаңыз. Олар жоқ жерде немесе масаханада ұйықтаңыз. Баланың бесігін маса кірмеу үшін жұқа матамен жауып қойыңыз. Безгек ауруының белгілерін байқасаңыз, дереу дәрігерге жүгінуіңіз керек!

Ғ. ҚҰБАЕВ, Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

ЕСКЕ АЛУ

Ойыл ауданы, Қарай ауылы, Серік Іңірбайұлы (8.10.1984 ж - 1.10.2005 ж)

Жайдары, дархан көңіл мінезімен, Жаны пәк, қамқор, адал тілегімен. Азамат болды бауырға мейірімді, Ақкөңіл, аңылдаған жүрегімен.

Қарсы қалай тұрамыз қимасақ та, Қасқайдық, қабылдадық қиналсақ та, Орнықты толтыра алмас ешқашанда, Байлығын бар ғаламның жинасақ та.

Қайран бауыр, қысқа болды ғұмырың, Ерте кеттің, бекімеді-ау туғырың. Өмір – базар, баққа бөлер кезінде, Ажал салды андаусызда құрығын...

Біз енді бауырымызды еске алумен ғана жұбанамыз. Өткен күннен қалатын тек қана естелік. Ол жанымыздан кетсе де, жадымыздан өшпейді. Ол адалдығымен, аңылдаған көңілдігімен, көпшілдігімен көз алдымызда. Жатқан жерің жайлы да жарық болсын. Топырағың торқа, жаның жаннаттан орын алсын. Бақұл бол, бауыр! Оқыған дұғамыз қабыл болып, бауырымыздың жаны жұмақта болсын!

Еске алушылар: анасы, іні-келіндері Берік-Бота, Бөкжан-Бану, бауырлары Нұрсұлтан, Сардар, Нұрай, жиендері Мөлдір, Ақжан, Айдана, Қалдымұрат-Айдана, Мадияр, Мирас, Айсана, Адина, Мадина, Айлин.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

БІЗ БӘРІМІЗ БІРГЕМІЗ!

АУДАНДЫҚ ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «БІЗ БӨРІМІЗ БІРГЕМІЗІ» АТТЫ ЕРІК-ЖІГЕРІ МЫҚТЫ, ЖҮРЕГІ КЕҢ, ӨМІРГЕ ҚҰШТАР ЖАНДАРҒА АРНАЛҒАН ШАРА ӨТТІ.

Бұл шара — олардың қоғамдағы белсенділігін арттыру, спортқа, энергияға, шығармашылыққа деген ынтасын қолдау, сондай-ақ бірлік пен өзара сыйластықты дәріптеу мақсатында ұйымдастырылып отыр.

Шара барысында психологиялық тренингтер, шахмат ойындары болды. Өмір сынағына мойымай, алға ұмтылған, өз арманына сеніп, талмай еңбек етіп жүрген жандарға шара соңында мерекелік сыйлық табыс етілді.

ГҮЛНАЗДЫҢ «МОЙҚАСЫҢА» СҰРАНЫС ҚОЛ

«Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасына сәйкес ауыл тұрғындарына беріліп келген 400 айлық есептік көрсеткіш көлеміндегі несие ұмтылған адам үшін нағыз бизнес бастауға жол ашып отыр. Соның нәтижесінде ауылда да қалалық өркениетке тән саналатын кәсіпорындар ашып, шаруанды дөңгелеуге болатынын дәлелдеген кәсіпкерлер көп.

Солардың бірі Сарбие ауылдық округінің тұрғыны Гүлназ Сейілханова.

Яғни, биылғы жылы өз жобасын сәтті қорғап, 1572 мың теңгеге қол жеткізген ол жуырда ауласынан көлік жуу қызметін ашты. Далалық жолмен дамыл таппайтын шаруалар көшке ауылға келгенде алдымен көліктерін "шомылдырып" алады. Тіпті төңіректегі елді мекендерден де, көршілес Қараой ауылдық округінен де келіп, Гүлназдың өзіне-өзі қызмет көрсететін көлік жуу орталығының қызметін тұтынады.

С. ХАМЗИН, Ойыл селосы.



АҚТӨБЕНІҢ ТӘЖІРИБЕСІ РЕСЕЙДЕ ҚОЛДАНЫЛДЫ: QR-КОД ШЕКАРАДА БИЗНЕСТІ ҚОРҒАУДЫҢ ТИІМДІ ҚҰРАЛЫНА АЙНАЛДЫ

Ақтөбе облысы кәсіпкерлер палатасының жүк тасымалдаушылармен жедел байланыс орнату жөніндегі цифрландыру бастамасы өз тиімділігін дәлелдеді. Бір жыл бұрын орнатылған QR-код бизнестің құқықтарын қорғауда нақты нәтиже беріп, осы тәжірибені ресейлік әріптестер – Орынбор облысының өкілдері де қабылдап, «Сағарчин» өткізу бекетінде ұқсас ақпараттық стенд орнатты.

Ақтөбе облысы кәсіпкерлер палатасының маңызды бастамаларының бірі – жүк тасымалдаушылардың өтініштеріне цифрлық әрі жедел түрде әрекет ету тетігі. Бұл жоба «Жайсаң» – «Сағарчин» халықаралық автокөлік өткізу бекетінде бизнестің құқықтарын қорғауға бағытталған.

Жобаны әзірлеуге өңір кәсіпкерлерінің шекарадан өту кезінде жекелеген лауазымды тұлғалардың заңсыз әрекеттеріне қатысты көптеген шағымдары себеп болды.

2024 жылдың қазан айында Палатаның бастамасымен, көлік прокуратурасы және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен бірлесіп, «Жайсаң» өткізу бекетінде прокуратураның, Антикордың және «Атамекен» ҰҚП-ның call-орталықтарының байланыс нөмірлері көрсетілген ақпараттық стендтер орнатылды. Стендтерде сондай-ақ WhatsApp-чатына жылдам өтуге мүмкіндік беретін QR-код орналастырылған. Бұл чатта кәсіпкерлер өз өтініштері мен шағымдарын тікелей жолдай алады.

Чатта көлік прокуратурасы, мемлекеттік кірістер органдары, көліктік бақылау, ветеринарлық және фитосанитарлық инспекциялар, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың өкілдері бар. Мұндай формат кәсіпкерлердің өтініштеріне жедел жауап беруге, мәселелерді бюрократиялық кідіріссіз сол жерде шешуге мүмкіндік береді.

Жоба іске қосылғаннан бері Палатаға 250-ден астам өтініш түсті, олардың ішінде мемлекеттік органдардың сұраулары да бар. Кәсіпкерлер палатасы жанындағы көлік және логистика жөніндегі салалық кеңес жүк тасымалдаушылардың өтініштерін нақты уақыт режимінде қарастырып келеді. Жобаның негізгі мақсаттары - бизнестің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау; лауазымды тұлғалардың заңсыз әрекеттерінің алдын алу; бақылаушы органдар жұмысының ашықтығын арттыру; кәсіпкерлердің мемлекеттік институттарға сенімін нығайту.

Палата халықаралық ынтымақтастыққа да баса назар аударды. Орынбор облысының кәсіпкерлер құқықтарын қорғау уәкілімен бірлескен келіссөздер нәтижесінде ресейлік тараптағы «Сағарчин» өткізу бекетінде де осындай QR-коды бар ақпараттық стенд орнатылды. Бұл жүйе кәсіпкерлерге көлік прокуратурасымен және Орынбор облысының бизнес-омбудсменімен қашықтан байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

«Біздің басты мақсатымыз – шекарадан өтетін әрбір кәсіпкер кез келген уақытта қолдау мен жедел жауап алу мүмкіндігіне ие болуы. Мұндай цифрлық шешімдер – жай ғана ыңғайлылық емес, бұл бизнестің пен мемлекет арасындағы сенімділіктің көрсеткіші. Ақтөбе облысының бастамасы халықаралық деңгейде жалғасын тауып, тәжірибеміздің сұранысқа ие болғанына куәаныштымыз», – деді Ақтөбе облысы кәсіпкерлер палатасы директорының құқықтық мәселелер жөніндегі орынбасары Руслан Куйшинов.

«Жайсаң» – «Сағарчин» халықаралық өткізу бекетін кеңейту және жаңғырту мәселесі Ақтөбе облысы кәсіпкерлерді бюрократиялық кідіріссіз сол жерде шешуге мүмкіндік береді.

СТАЛКИНГ ТУРАЛЫ ЖАҢА ЗАҢ КҮШІНЕ ЕНДІ

Жеке тұлғаның шекарасын бұзып, психологиялық қысым көрсеткендер жазаға тартылды. 2025 жылдың 15 қыркүйегінен бастап stalking туралы жаңа заң күшіне енді. Бұған дейін мұндай әрекеттер үшін қылмыстық жауапкершілік болмаған. Енді жеке тұлғаны аңдып, қайта-қайта телефон соғып, интернет арқылы бақылап, қорқыту қылмысқа жатады. Мұндай қадамға барғандар 200 айлық есептік көрсеткіш көлеміндегі айыппұл төлейді. Сондай-ақ түзеу жұмыстарына тартылып, 50 тәулікке дейін қамалады. Азаматтардың жеке бас бостандығын қорғау шараларын күшейту мақсатында және «Заң мен Тәртіп» тұжырымдамасын іске асыру аясында 2025 жылғы 16 шілдеде Мемлекет басшысы Қылмыстық кодекске жаңа 115-1-бап – «Сталкинг» енгізілген Заңға қол қойды.

Сталкинг – бұл адамның еркіне қайшы келетін, зорлық-зомбылықпен ұштаспаған, бірақ елеулі зиян келтіретін заңсыз қудалау әрекеттері болып саналады. Заңнамаға сәйкес мұндай әрекеттер үшін алғаш рет қылмыстық жауапкершілік белгіленді. Ол 200 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл, 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстар немесе 50 тәулікке дейін қамауға алу түрінде қарастырылған. Егер

сталкинг зорлық-зомбылық, қорқыту, бопсалау немесе жеке өмірге қол сұғумен қатар жүрсе, әрекеттер Қылмыстық кодекстің өзге баптары бойынша қосымша сараланатын болады. Қылмыстық қудалау нақты зиян келген жағдайда ғана басталады. Мысалы, жеке өмірге қол сұғылмау, еркін жүріп-тұру құқығының шектелуі немесе психологиялық қысым көрсету секілді жағдайларда. Жаңа бапты енгізудің басты мақсаты – құрбандарды ерте кезеңде қорғау және зорлық-зомбылық пен агрессивті мінез-құлыққа төзбеушілік қалыптастыру.

Сонымен қатар, некеге мәжбүрленгендерде қылмыстық құқықбұзушылық ретінде танылады. Қылмыстың құрамына қарай 2000 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салынуы мүмкін. Тіпті екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға дейін жаза қарастырылған. Сондай-ақ, қылмыстың зардабына қарай кінәлілер 5 жылдан 10 жылға дейін түрме жазасына кесіледі.

Ойыл ауданы ПБ-нің Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жөніндегі тобының аға инспекторы полиция аға лейтенанты Айбибі Құспанқызы

«АУЫСПАЛЫ КУБОК» СПОРТ МЕКТЕБІНЕ БҰЙЫРДЫ

10 ҚАЗАН КҮНІ ОЙЫЛ АУЫЛЫНДА 25 ҚАЗАН – РЕСПУБЛИКА КҮНІ МЕН АУДАН ӘКІМІНІҢ ЖҮЛДЕСІНЕ АРНАЛҒАН МЕКЕМЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АРАСЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ «АУЫСПАЛЫ КУБОК» АУДАНДЫҚ ТУРНИРІ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. ШАРАНЫҢ МАҚСАТЫ – ЕЛ МЕРЕКЕСІН ҰЖЫМДЫҚ РУХПЕН АТАП ӨТУ, ЕҢБЕК ҰЖЫМДАРЫ АРАСЫНДА ДОСТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ НЫҒАЙТУ ЖӘНЕ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ АРАСЫНДА САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН НАСИХАТТАУ БОЛДЫ.

12 команда бақ сынаған жарыстың ашылу салтанатында аудан әкімі Асқар Қазыбаев сөз сөйлеп, спортшыларға сәттілік тіледі. Биылғы турнирге қатысқан жастар үздік атақ пен кубок үшін өзара тартысты ойын өрнегін көрсетті.

Әр команда жеңіске деген жігер мен ұйымшылдықтың үлгісін көрсете білді.

Көрермендер мен жанкүйерлердің қызу қолдауына ие болған ойындар ширақ әрі қызықты өтті.

Әр матч спортшылардың шыдамдылығы мен командалық рухының сынға түскен сәттерімен есте қалды.



Тартысты өткен жарыстың қорытындысы бойынша «Ойыл ауданы әкімдігі» командасы жүлделі үшінші орынға қол жеткізсе, финалға ғана сүрінген «Өрт сөндіру бөлімі» ко-

мандасы турнирдің күміс жүлдесіне ие болды.

Ал, қарсыластарының бәріне өз шеберліктерін дәлелдеген «Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коман-

сы аудан әкімінің «Ауыспалы кубогына» ие болды.

Жеке шеберліктерімен көзге түскендердің ішінен Айбол Бисембин жарыстың "Үздік шабуылшысы" атанса, Сағындық Ысқақов турнирдің "Үздік қорғаушысы" деп танылса, "Үздік қақпашы" жүлдесі Ернұр Елтаевқа бұйырды.

Жеңімпаздарға арнайы кубоктар мен бағалы сыйлықтар табыс етіліп, барлық қатысушыларға алғыс хаттар ұсынылды.

Осылайша, дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан спорт досы жас ұрпаққа үлгі болып, салауатты өмір салтын насихаттауға зор үлес қосты.

«ШЫН ЖҮРЕКТЕН!» ӨТКЕН ШАРА ӨМІРГЕ ҚҰШТАРЛЫҚ ПЕН ӨНЕР ТОҒЫСҚАН КЕШ

ӨТКЕН БЕЙСЕНБІ КҮНІ «ШҰҒЫЛА» МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАР КҮНІНЕ АРНАЛҒАН «ШЫН ЖҮРЕКТЕН» АТТЫ МЕРЕКЕЛІК КЕШ ӨТТІ. ШАРАНЫҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ – ЕРЕКШЕ ЖАНДАРДЫҢ ҚОҒАМДАҒЫ ОРНЫН АЙШЫҚТАУ, ОЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ МЕН ӨМІРГЕ ҚҰШТАРЛЫҒЫН ДӘРІПТЕУ БОЛДЫ.



Іс-шараның салтанатты ашылуында Ойыл ауданының әкімі Асқар Қазыбаев құттықтау сөз сөйлеп, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға зор денсаулық, қажымас қайрат және өмірде сәттілік тіледі. Әкім өз сөзінде бұл күннің қоғамдағы ынтымақ пен мейірімнің, адамгершілік пен қамқорлықтың айқын көрінісі екенін атап өтті. Мерекелік зал ерекше безен-

діріліп, келген қонақтар назарына қолөнер бұйымдарының көрмесі мен «Үкілі үміт» клубының фотогалереясы ұсынылды. Көрмедегі әр туынды – өмірге деген сүйіспеншілік, жігер мен шабыттың жарқын көрінісі болды. Қонақтар шығармашылық жұмыстарды тамашалап, жылқы әсермен бөлісті. Кеш бағдарламасы әсерлі әдеби композициямен басталып, жалынды

би және музыкалық нөмірлермен жалғасын тапты. Сахна төрінде өнер көрсеткен әрбір қатысушының жүрек жылуы мен өнерге деген ықыласы көрермендерді бейжай қалдырмады.

Сонымен қатар, іс-шара аясында шығармашылық бағыттағы «ART-Бояу» бұрышы ұйымдастырылып, қатысушыларға өз қиялын қағаз бетіне түсіріп, сурет арқылы ішкі

сезімдерін бейнелеуге мүмкіндік берілді. Бұл алаң шығармашылық еркіндіктің, сенім мен шабыттың ерекше ордасына айналды.

«Шын жүректен» атты мерекелік кеш жылы көңіл мен ізгі ниетке толы орта қалыптастырып, ерекше жандардың өмірге деген құштарлығын, талантты және қайсарлығын дәріптеген тағылымды шара болды.